

ҒЫЛЫМ ЖЕТІСТІКТЕРІН ТӘЖІРИБЕГЕ ЕНГІЗУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Бектұрғанова Қ.И.

Применение в учебном процессе новых научных инновационных технологий. Методика внедрения новых технологий в учебный процесс.

The importance of new technology the complex of science at the lesson. Methods of entering the new technology.

Уақыт талабына сай білім мазмұнын жаңарту - бүгінгі күннің басты міндеті. Қазіргі жағдайда еліміздің білім беру жүйелерінде жаңа адамды қалыптастыру бағытында сан алуан жұмыстар жүргізілуде. Оның бастыларының бірі де бірегейі-білім мазмұнын ұлттық негізде жетілдіре отырып, білім мен тәрбиені ұлттық рухта әлемдік жүйеге жақындастыру. Сондықтан оқу-ағарту саласының оқу үрдісіне жаңа технологияларды кең көлемде енгізу талап етіледі.

Қазіргі кезеңде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін тиімді дамытуына көмектеседі. Оқыту технологиясын таңдап, іріктеу- оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін басқарудың негізгі бір буыны. [1]

Қазақ тілін саналы және сапалы меңгеру-жаңа технологияларды ұтымды қолданумен тығыз байланысты. Қазіргі уақытта әдістеме ғылымы жаңару, даму үстінде. Өмірімізге жаңа технологиялар дендеп енуде. Білім беру жүйесінің мақсаты мен міндетіне қарай оқытудың проблемалап оқыту (М.И.Махмутов), саралап, жекелеп оқыту (М.ЭУнтт.б.), дамыта оқыту (Ю.Б.Эльконин), ұжымдық оқыту (В.К.Дьяченко) т.б тәрізді түрлері оқу процесінде қолданылып жүр. [2]

Технология- шеберлік туралы ғылым деген ұғымды білдіретін грек сөзі. Педагогикалық технология-оқытудың арнайы формаларын, әдістері мен тәсілдерін айқындайтын педагогика-психологиялық нұсқаулардың жиынтығы, педагогикалық процесті ұйымдастырудың әдістемелік аспабы.

Жаңа технология дегеніміз педагогикалық шеберлікті жетілдірудің жолдары деген қорытынды жасауға болады. Оқыту технологиясы білім берудің тиімді жолдарын зерттейтін ғылым ретінде сипатталады.

Ғалым Р.Шаханова: «Педагогикалық технологияны енгізу-оқытушылардың шығармашылық жұмыс нәтижесінде әдістемешілік жүйесін дамытады, оқытушылар мен студенттердің міндеттері мен құқықтарын орындауды, білім ордасында өзін-өзі ұйымдастыруды, құралдары, әдістері, түрлері сияқты өзара байланысты компоненттер кіретін оқу мазмұнын тарату тәсілі», -деген тұжырым жасайды.

Кейінгі уақытта біздің елімізде де қазақстандық мектептер үшін оқыту технологияларын ойластырып, ғылым мен практиканы ұштастыра зерттеп жүрген ғалымдарымыз баршылық. Атап айтар болсақ, «Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясы (Қараев Ж.А.), (Кобдикова Ж.У.), жүйелілік негізде оқыту (Ғалиев Т.Т), модульдік оқыту (Жанпейісова М.М., Бейсенбаева З., Бұзаубақова К.Ж., С.К.Исмагулова және сатылай комплексті талдау технологиясы (Н.А.Оразахынова). [1]

Ғалым-әдіскер Н.А.Оразахынова соңғы жылдары осы сатылай кешенді талдау технологиясының тиімділігін талдап, зерттеп ғылыми тұрғыда дәлелдеді. Сатылай кешенді талдау технологиясымен оқыту-оқушыларды оқытудағы ізденіс пен шығармашылық жұмыс. Н.А.Оразахынова: «Оқушы –зерттеуші. Қазақ тіл білімі салаларын сатылай кешенді талдауда оқушы қазақ тіл білімі ғылымының теориялық негіздерін зерттеп тереңдетіп оқумен қатар талдаудың түрлі амал-тәсілдерін үйреніп, талдауға машықтанады. Сөйтіп, оқушы нәтижелі үлгерімге жетеді.» деген құнды пікір айтады. Қазақ мектептерінде сатылай кешенді талдау технологиясын қолданудың маңызы зор.[1]

Сатылай кешенді талдау технологиясы дегеніміз-оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Сатылай кешенді талдау оқушыларға қазақ тілі ғылымының мазмұны мен жүйесін, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысын, сөйлеу тілінің байлығын және әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастырады.

Сатылай кешенді талдауда баланың зерттеушілік, ізденушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұстанады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып, оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Мұнда мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Олар: ынтымақтастық, өзара сыйластық, түсіністік, әріптестік сияқты қасиеттер. Бұл технологияның маңыздылығы сол-оқушыларды жақсы, жаман, орташа деп бөлмей, тек материалды өте жылдам, жылдам, баяу қабылдауына қарай тапсырманы он деңгейге икемдеп, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызуды мақсат тұтады.


Сатылай кешенді талдау технологиясын жоғарғы оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқып жүрген студенттердің оқып үйренуі-үлкен жетістік. Осы технологиямен толық қаруланған студент- болашақ мұғалім. Мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білсе, оқушылар сауатты, білімді болады. Сабақ үрдісінде де сабақтан тыс уақытта да мұғалім мен оқушы шығармашылық, әріптестік қарым-қатынаста болып, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырып, өздерін-өздері дамытып, нәтижелі қызмет етулері керек. Сатылай кешенді талдаудың жұмыс түрлерін меңгеріп, болашақ практикада жүзеге асыру үшін студенттің жан-жақты ізденуі, алдарына нақтылы міндет қоя отырып, әр сабақтың мақсатын айқындап алуы талап етіледі.

Ғалым Н.А.Оразахынова сабақ барысында болашақ мұғалімдердің мынадай қағидаларды еске ұстауын қажет етеді:

- баланың бойындағы күштарлығын, қызығушылығын, ынтасын жойып алмай, оның алға жылжуға деген табиғи талап-тілектерін, сұраныс пен мұқтаждарын ескеру, шығармашылығын жетілдіру;
- білімді өз бетінше іздену арқылыалуға қолайлы жағдай жасау;
- өзін-өзі дамытатын тұлға қалыптастыру. [1]

Осы қағидаларды ұстана отырып ізденуші мұғалім сабағында сатылай кешенді талдау технологиясын пайдаланса, сабағы ұтымды да әсерлі болады. Сатылай кешенді талдаудың бір ерекшелігі талдау сызбалар арқылы орындалады. Бұл оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын арттырады. Сызба талдау жүргізуде ең негізгі тірек болып есептеледі. Себебі сызда теориялық материалдар оқулық жүйесін сақтай отырып, қарапайымнан күрделіге қарай орналасқан, әрі бұл талдауды деңгейлеп жүргізуге де аса қажет. Оқушыларға тапсырма беруде төмендегі үлгі қатаң сақталады. [3]

Енді қысқаша фонетикалық талдаудың сызбасын төмендегіше береміз:



Қазақ тілі сабағында ғылыми жетістіктерді мұғалімдер үнемі іздену, зерттеудің арқасында өз сабақтарында кең көлемде пайдалануға міндетті. Жоғарыда айтылған сатылай кешенді талдау технологиясы да сол ғылыми жетістіктердің бірі. Қазақ тілі сабақтарында мұғалімдердің мақсаты-оқытудың ұтымды жолдарын, амал-тәсілдерін іздеп, жаңа жетістіктерді оңтайлы пайдаланып, сол арқылы жоғары көрсеткіштерге жету.

Әдебиеттер:

1. Ф.Ш.Оразбаева., Р.С.Рахметова Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы- 2005.
2. Н.А.Оразахынова Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми әдістемелік негіздері. Алматы-2007.
3. Ә.Исабаев. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. –Алматы: Қазақ университеті,1993.
4. Қазақ тілі мен әдебиеті (республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журнал) 2002.